

Хантағы ауылы әкімі аппаратымен атқарылған жұмыстары мен 2019 жылы өкімдер және шешімдерді қабылдау барысында заңдылықтың сақталу барысына жүргізілген ішкі талдау туралы МӘЛІМЕТ

Кентау қаласы

7 қараша 2019 жыл

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабында белгіленген құзыреті шегінде және ауыл әкімі аппаратының Ержесіне сәйкес, Хантағы ауылы әкімі өкім және шешім түрінде құқықтық актілерді қабылдайды. Ауыл әкімінің шешімдерін, өкімдерін тіркеу журналы тігіліп, мөрмен бекітілген. Жыл басынан 7 шешім, жеке құрам бойынша 72 өкім, негізгі құрам бойынша 54 өкім қабылданған.

1. Қабылданған өкімдер мен шешімдерге құқықтық сараптама жүргізу барысында төмендегі кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда:

- Ауыл әкімінің 09.01.2019 жылғы №3, 03.04.2019 жылғы №17 «Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру туралы» өкімінде ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.03.2015 жылғы №212 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларына сілтеме жасалып, басшылыққа алынған. Аталған Қағиданың 3-тармағының талабына сәйкес, коммуналдық мүлікті, жергілікті атқарушы орган немесе жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша ауыл әкімінің аппараты (коммуналдық мүлікті жалдауға (жалға алуға) мүлікті жалға (жалдауға) береді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері басқаруына берілген аудандық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз мүліктік жалдауға (жалға алуға) береді делніген. Алайда, ауыл әкімінің өкімінде мемлекеттік мүлікті жалға беруге қала әкімдігінің немесе қоғамдастықтың келісімі көрсетілмеген және Қағидада "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ауыл әкімдірімен жалға берілетіндігі көрсетілсе де аталған бапқа сілтеме жасалмаған.

- «Іссапар туралы» ауыл әкімінің бірқатар өкімдерінде (07.06.2019 жылғы №24, 28.06.2019 жылғы 26, 01.07.2019 жылғы №27 т.б.) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының атауы толық жазылмай, қателіктер орын алған.

- Ауыл әкімінің «Кентау қаласы әкімдігінің «Құлыншақ» бөбек-жай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның штаттық кестесіне өзгеріс енгізу туралы» 16.05.2019 жылғы №27 өкімінде преамбуласында ҚР Білім және ғылым министрінің 10.10.2018 жылғы №556 бұйрығына сілтеме жасалғанымен бұйрықтың тақырыбы жазылмаған.

- «Түркістан облысы, Кентау қаласы, Хантағы ауылында саябақты абаттандыру жұмыстарын жүргізу бойынша мемлекеттік сатып алу жөнінде

ашық конкурс өткізу туралы» бір мәтіндегі екі өкім екі рет тіркелген 21.06.2019 жылғы №33 және 27.06.2019 жылғы №34 тіркеу нөмірлерімен тіркелген.

- «Іс сапар туралы» 12.06.2019 жылғы №12 өкімінің преамбуласында «Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 18-бабына сәйкес» деп кемшіліктермен қате көрсетілген, яғни заңның атауы дұрыс жазылмаған және Заңның тиісті бабына сілтеме жасалмаған. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 39-бабына сілтеме жасалуы тиіс болатын. Ал, Заңның 18-бабында Мемлекеттік қызметке кіру кезінде қабылданатын шектеулер көрсетілген.

- «Еңбек демалысын беру туралы» 12.08.2019 жылғы №43 өкімде ҚР Еңбек кодексінің жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысынан кері шақыртып алу нормалары белгіленген 95-бабы көрсетіліп, дұрыс сілтеме жасалмаған.

- ҚР «Құқықтық актілер туралы» Заңының 64-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, жеке-дара қолданылатын құқықтық актіде құқықтық актінің атауын қамтуға тиіс делінген. Ал, ауыл әкімінің «Хантағы ауылы әкімінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №19 өкіміне өзгерістер енгізу туралы» 25.09.2019 жылғы №60 өкімінде, өзгерістер енгізілген құқықтық актінің атауы көрсетілмеген.

Көрілген тәртіптік жауапкершіліктер бойынша:

Ауыл әкімінің хаттамалық тапсырмаларын мерзімінде орындамағаны үшін, әкімнің «Тәртіптік жаза қолдану туралы» 13.08.2019 жылғы №45 және №46 өкімдеріне сәйкес, ауыл әкімінің орынбасары С.Абуовқа, бас маман заңгері С.Алайдаровқа «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

2. 2019 жылдың 10 айында ауыл әкімі аппараты сот органдарында талапкер, жауапкер немесе үшінші жақ ретінде сот отырыстарына қатыспаған.

3. Орын алған заң бұзушылықтар бойынша прокуратура, басқа да құзырлы органдар тарапынан ұсыныстар мен наразылықтар басқа да қадағалау актілері енгізілмеген.

4. Жеке және заңды тұлғалардан түскен арыз өтініштерді қарау барысында қолданыстағы заңнамалық актіде белгіленген мезімінен кешіктіріп жолдау жағдайлары орын алмаған.

5. Кентау қаласы әкімдігінің 04.09.2018 жылғы №304 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Кентау қаласы бойынша 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының бірқатар іс-шаралары тиісті деңгейде атқарылмаған.

Талдау барысында аталған кемшіліктерді орындауға шұғыл шараларды қабылдауды ауыл әкімі мен жауапты маманға тапсырылып түсіндірілді.

Жоғарылардың негізінде талдау жүргізу барысында сыбалас жемқорлыққа жағдай туғызатын мән-жайлар анықталмады.

ҰСЫНЫМ:

1. Алдағы уақытта заң бұзушылыққа жол бермеу, алдын алу шаралары профилактикасын үздіксіз ай сайын жүргізіп, семинар кеңестерді өткізу;
2. Құқықтық актілерді (өкім, шешімдер) дайындау барысында заңнамалық актілердегі баптарға жасалған сілтеме сәйкестігіне зерделеу жүргізу;
3. Аппарат мамандарының орындаушылық тәртібін көтеру;
4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау барысында «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының талаптарына сәйкес, мерзімінде қарап, жауабын беру және өтініш иелеріне берілген жауаппен келіспеген жағдайда шағымдану құқықтарын түсіндіру;
5. Тәртіптік жауапкершіліктерді қарау, жұмыстан босату, еңбек ақыны төлеу барысында еңбек заңнамасының талаптарын, басқа да заңнамалық актілер талаптарының сақталуын қамтамасыз ету.
6. Кентау қаласы әкімдігінің 04.09.2018 жылғы №304 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Кентау қаласы бойынша 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарындағы іс-шаралардың сапалы орындалуын және атқарылған жұмыстар туралы сапалы мәліметті белгіленген мерзімде жолдануын қамтамасыз ету.
7. Құқықтық актілерді дайындау барысында қателіктерге жол берген аппараттың жауапты қызметкерінің тәртіптік жауапкершілігін қарауды.

Таныстым :  Хантағы ауылының әкімі Б.Жорабеков

«07» 11 2019 жыл

Қала әкімінің орынбасары,
жұмысшы топ төрағасы



С.Расұл

Жұмысшы топ хатшысы,
қала әкімі аппаратының заң және
құқық қорғау органдарымен жұмыс
жүргізу бөлімінің бас инспекторы



С.Ажығабылов